ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 23 мамыр №7119-24-00-2/4348 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Т. Шамшильдин
сот отырысының хатшысы О.Джортановтың
қатысуымен ашық сот отырысында талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Ұлттық ғылыми онкология орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
"NS Stroy group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Barakat commercial company жеке кәсіпкері, жеке кәсіпкер Ермек Азимов, "Эксперт 20" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жеке кәсіпкер «Қараж», жеке кәсіпкер Мусырманкуловна Гаухар Молдабекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Б.С.Кудушев
жауапкер "NS Stroy group" ЖШС-і өкілі Б.Н.Сматілда
жауапкер Қараж А.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 14 ақпанда "Ұлттық ғылыми онкология орталығы" ЖШС-і мен "NS Stroy group" ЖШС-і арасында 380 800 сомаға №201 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасты. Ол бойынша жауапкер шарт жасалған күннен бастап бірінші жеткізілім шартқа қол қойған сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, қалғанын тапсырыс берушінің сұранысы бойынша) жеткізуге міндеттенді.

Көрсетілген мерзімде тауар жеткізілген жоқ. 2024 жылғы 04 наурызда шартты бұзу туралы хабарлама жіберілді.

2024 жылғы 16 ақпанда "Ұлттық ғылыми онкология орталығы" ЖШС-і мен Barakat commercial company жеке кәсіпкері арасында 321 768 сомаға №205 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасты. Ол бойынша жауапкер шарт жасалған күннен бастап бірінші жеткізілім шартқа қол қойған сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, қалғанын тапсырыс берушінің сұранысы бойынша) жеткізуге міндеттенді.

Көрсетілген мерзімде тауар жеткізілген жоқ. 2024 жылғы 11 наурызда шартты бұзу туралы хабарлама жіберілді.

2024 жылғы 21 ақпанда "Ұлттық ғылыми онкология орталығы" ЖШС-і мен жеке кәсіпкер Ермек Азимов арасында 292 500 сомаға №166 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасты. Ол бойынша жауапкер шарт жасалған күннен бастап бірінші жеткізілім шартқа қол қойған сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, қалғанын тапсырыс берушінің сұранысы бойынша) жеткізуге міндеттенді.

Көрсетілген мерзімде тауар жеткізілген жоқ. 2024 жылғы 11 наурызда шартты бұзу туралы хабарлама жіберілді.

2024 жылғы 19 ақпанда "Ұлттық ғылыми онкология орталығы" ЖШС-і мен "Эксперт 20" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 244 010 сомаға №205 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасты. Ол бойынша жауапкер шарт жасалған күннен бастап бірінші жеткізілім шартқа қол қойған сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, қалғанын тапсырыс берушінің сұранысы бойынша) жеткізуге міндеттенді.

Көрсетілген мерзімде тауар жеткізілген жоқ. 2024 жылғы 11 наурызда шартты бұзу туралы хабарлама жіберілді.

2024 жылғы 19 ақпанда "Ұлттық ғылыми онкология орталығы" ЖШС-і мен «Қараж» жеке кәсіпкері арасында 2 358 700 сомаға №197 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасты. Ол бойынша жауапкер шарт жасалған күннен бастап бірінші жеткізілім шартқа қол қойған сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, қалғанын тапсырыс берушінің сұранысы бойынша) жеткізуге міндеттенді.

Көрсетілген мерзімде тауар жеткізілген жоқ. 2024 жылғы 11 наурызда шартты бұзу туралы хабарлама жіберілді.

2024 жылғы 21 ақпанда "Ұлттық ғылыми онкология орталығы" ЖШС-і мен жеке кәсіпкер Мусырманкуловна Гаухар Молдабекова арасында 133 322 сомаға №200 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасты. Ол бойынша жауапкер шарт жасалған күннен бастап бірінші жеткізілім шартқа қол қойған сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, қалғанын тапсырыс берушінің сұранысы бойынша) жеткізуге міндеттенді.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 28.05.2024

Дата вступления в законную силу: 01.07.2024, судья Шамшильдин Т., 15.08.2024

Көрсетілген мерзімде тауар жеткізілген жоқ. 2024 жылғы 11 наурызда шартты бұзу туралы хабарлама жіберілді.

Талап қоюшы сотқа жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды туралы талап қоюмен жүгінді.

Жауапкер жеке кәсіпкер Ермек Азимовтың жазбаша қарсылығының мазмұны бойынша тауардың қабылданбау себебі түсініксіз, сондықтан қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Жауапкер Barakat commercial company жеке кәсіпкерінің жазбаша қарсылығына сйәкес, тауар акт арқылы қабылданды, міндет орындалды, сондықтан қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Басқа жауапкерлерден жазбаша қарсылық түске жоқ.

Сотта талап қоюшының өкілі жауапкерлерге талапарының дәлелдерін қолдай отырып, талаптарды қанағаттандыруды сұрады. Жауапкер Barakat commercial company жеке кәсіпкеріне қатысты талап қолданған жоқ.

Сотқа қатысқан "NS Stroy group" ЖШС-і өкілі тауардың АҚШ-тан келуіне байланысты шарттық мерзім шеңберінде үлгеру мүмкіндігі болмағандығы туралы түсініктеме беріп, міндетті орындауға ниет білдірді және талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Қараж жеке кәсіпкері Қытай тауар өндірушісінің қателегіне байланысты техникалық ерекшелікке келіспейтін жауар жіберіліп, оны тапсырыс беруші қабылдаудан бас тартқанын мәлімдеді. Осыны ескере отырып, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған басқа жауапкерлер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 4 тармағына сай, жауапкерлердің келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, істі олардың қатысуынсыз қарауға көшеді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабының талаптары бойынша міндеттеме шарттың талаптарына және заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

Азаматтық кодекстің 273-бабына сәйкес, заңда немесе шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені бұзу деп оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (уақтылы, міндеттеменің мазмұнымен айқындалатын шарттарды бұза отырып) түсіндіріледі.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 28.05.2024
Дата вступления в законную силу: 01.07.2024, судья Шамшильдин Т., 15.08.2024
7119-24-3-1/3810

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43-бабының 23-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелер тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша толық орындаған жағдайда орындалды деп танылады.

Жауапкер Barakat commercial company жеке кәсіпкерінің міндеттемені толық орындағаны анықталды. Бұл жай 2024 жылғы 09 сәуірдегі №240208/00/2 тауар(лар)ды қабылдап алу-беру актісімен дәлелденді.

Ешқандай жағымсыз салдарлар жоқ – талапкер шарт жасасу кезінде күткенін толық алды, айыппұл сомасы төленді, бұл жауапкердің адалдығын көрсетеді. Сондықтан, Barakat commercial company жеке кәсіпкеріне талапты қанағаттандыру мүмкін емес.

Ал, "NS Stroy group" ЖШС-і, Ермек Азимов жеке кәсіпкері , "Эксперт 20" ЖШС-і, «Қараж» жеке кәсіпкері, Мусырманкуловна Гаухар Молдабекова жеке кәсіпкері бойынша сот келесі тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сай, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Шарттардың 3.1. тармағына сәйкес орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде шарт бойынша міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенді.

Жауапкерлер шартта көрсетілген тауарды белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге жеткізбеген. Техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізгендері туралы дәлелдерін келтірмеген. Яғни, шарт талаптарын бұзған.

2024 жылдың 11 сәуірде "NS Stroy group" ЖШС-мен жасалған шарт біржақты бұзылған.

2024 жылдың 11 сәуірде Ермек Азимовпен жасалған шарт біржақты бұзылған.

2024 жылдың 27 наурызда "Эксперт 20" ЖШС-мен жасалған шарт біржақты бұзылған.

2024 жылдың 03 сәуірде «Қараж» жеке кәсіпкерімен жасалған шарт біржақты бұзылған.

2024 жылдың 11 сәуірде Молдабековамен жасалған шарт біржақты бұзылған.

АК-нің 386-бабы 3 –тармағына сәйкес егер заңдарда немесе шартта шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, осы мерзімнің аяқталуы, шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеліп соқтырады.

Бүгінгі күні жауапкерлермен жасалған шарттардың бұзылуы шарттық мерзімнің аяқталуына, яғни міндеттемелердің тоқтатылуына негіз болып отыр.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 28.05.2024
Дата вступления в законную силу: 01.07.2024, судья Шамшильдин Т., 15.08.2024
7119-24-3-1/3810

Тапсырыс берушінің шарттарды бұзу әрекеттері дауланған жоқ, шартты бұзу теріс және заңсыз деп сот шешімімен танылған жоқ.

АК-нің 359-бабына сай, егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Мұндай жағдай жоқ, тиісті тауардың рынокта болмауы міндетті орындамауға бой бермейтін күшке жатпайды. Тауардың АҚШ-тан, Қытайдан немесе басқа елден жеткізуі - жауапкерлердің өз қалауы және таңдауы болып табылады, кәсіпкерлік тәуекелге жатады.

Жауапкерлер мемлекеттік сатып алуға өз еркімен қатысты, өз бағасын ұсынды және бұл жағдайда шартпен және тауардың техникалық ерекшеліктерімен келісті.

Тапсырыс берушіге залал келтірілген, яғни ол шарттарды жасасу кезінде күткен нәтижеге жете алмады.

Заңның 12-бабы 4-тармағы 3)-тармақшасымен белгіленген, атап айтқанда өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізілімге енгізіледі.

Осыған орай, "NS Stroy group" ЖШС-і, Ермек Азимов жеке кәсіпкері, "Эксперт 20" ЖШС-сі, «Қараж» жеке кәсіпкері, М.Г. Молдабекова жеке кәсіпкері бойынша талап қанағаттандырылады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, келтірілген сот шығындары талап арыздыңанағаттандырылған бөлігі мөлшерінде өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот, АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

"Ұлттық ғылыми онкология орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "NS Stroy group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Barakat commercial company жеке кәсіпкеріне, жеке кәсіпкер Ермек Азимовқа, "Эксперт 20" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Қараж» жеке кәсіпкеріне, жеке кәсіпкер Мусырманкуловна Гаухар Молдабековаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы –ішінара қанағаттандырылсын.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 28.05.2024

Дата вступления в законную силу: 01.07.2024, судья Шамшильдин Т., 15.08.2024

"NS Stroy group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер жеке кәсіпкер Ермек Азимов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Эксперт 20" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Қараж» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Мусырманкуловна Гаухар Молдабекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"NS Stroy group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер жеке кәсіпкер Ермек Азимовтан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

"Эксперт 20" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Қараж» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Мусырманкуловна Гаухар Молдабековадан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

"Ұлттық ғылыми онкология орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Barakat commercial company жеке кәсіпкеріне қойылған талабы – қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Шамшильдин Т.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 28.05.2024

Дата вступления в законную силу: 01.07.2024, судья Шамшильдин Т., 15.08.2024